

Қазақстан Республикасы тұтыну кооперациясы жүйесінің бақылау-кассалық аппараттарды қолдануы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 19 сәуірдегі N 511

Селолық жерлерге орналасқан тұтыну кооперациясының сауда кәсіпорындары жұмысының өзгешілігі мен ерекшеліктерін, селолық елді мекендердің шалғайлығына және электр энергиясымен қамтамасыз етудегі жиі іркілістерге байланысты кассалық аппараттардың пайдаланылуын қамтамасыз етудің күрделілігін, сондай-ақ тұтыну кооперациясында қолданылатын қазіргі есептеу тізілімдері сауда түсімінің банктер мен байланыс мекемелеріне толық тапсырылуына бақылау жасауға мүмкіндік беретінін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін тұтыну кооперациясы жүйесін, облыс орталықтарында орналасқан кәсіпорындардан басқа, өз қызметінің өзгешелігіне қарай халықпен есеп-қисап жасауда бақылау-кассалық аппараттарын қолдана алмайтын кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың Тізбесіне енгізсін.

2. Қазтұтынуодағы:

тұтыну кооперациясының кәсіпорындарына бақылау-кассалық аппараттарын 1996 жылғы 1 шілдеден бастап енгізуді қамтамасыз етсін;

өзіне қарасты кәсіпорындарда бақылау-кассалық аппараттарын

кезең-кезеңмен енгізудің кестелерін жасап, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісуі бойынша бекітсін.

3. Қазтұтынуодағына тұтыну кооперациясы кәсіпорындарының сауда түсіміне толық есеп жүргізуді, оның дұрыс пайдаланылуы мен банктер мен байланыс мекемелеріне дер кезінде тапсырылуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тұтыну кооперациясы кәсіпорындарынан ақшаның нақтылы түсірілуіне бақылау жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК